

ОРИЕНТАЛИЗМ

Европа ғалымдарының
зерттеулеріндегі «Басқа» образы.
«Басқаның» орнындағы қазақ халқы



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 17. Европа ғалымдарының зерттеулеріндегі Басқа образы. Басқаның орнындағы қазақ халқы

Мақсаты: Европа ғалымдарының қазақ халқы жайлы зерттеулерінің ерекшеліктеріне тоқталу.

Бүгінгі дәрісте европалық ғалымдардың қазақ халқы жайлы еңбектерінің жалпы сипаттамасына тоқталамыз.

XIX және XX ғасырларда Азияда болған саяхатшылар жазбаларының арасында Қазақстан жайлы түрлі мәліметтерді кездестіруге болады. Олардың басым көпшілігі тарихи-мәдени материалдар.

Саяхатшылар Азия елдерінде әртүрлі мақсатпен болды, атап айтқанда – саяси, миссионерлік және дипломатиялық сапарлар. Олардың жазбаларынан европалықтардың жалпы алғанда қазақ халқы жайлы ертеден хабардар болғаны байқалады. Ал кейінгі ғасырларда Европа халқы қазақ халқы жайлы мәліметті ғалымдар мен жазушылардың кітаптарынан алып отырған. Европалықтардың қазақтар жайлы мәліметке қол жеткізу жолдарында Ресейдің алатын өзіндік орны бар.

Орта Азия мен Қазақстан территориясына орыс патшалығы билігінің таралуына ғылыми коммунизмнің негізін салушылар К. Маркс пен Ф. Энгельс те назар аударған. Энгельс 1858 жылы 3 қарашада Американың «New York Daily» газетінде жариялаған «Ресейдің Орта Азияға таралуы» мақаласында Қазақстанның біртіндеп Ресейге қосыла бастағанын жазады.

Энгельс мақалада: «Егер XIX ғасырдың отызыншы жылдарының басына дейін Ресей билігі қырғыздардың (бұл жерде қазақтар туралы айтылып тұр) үш жүзі мен тайпаларына билігі тек номиналды болса, кейінгі 20–25 жылда Ресей өз билігін қазақ даласында берік орнатып үлкен жетістіктерге жете бастағанын» айтқан.

Энгельстің жаңадан салына бастаған құрылыс жұмыстарының маңызына арнайы көңіл бөлуінен оның қазақ даласында жүріп жатқан әр оқиғадан жақсы хабардар болғаны байқалады. Ол Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы В.А. Перовскийдің бақылауымен байланыс жүйесінің (темір жол салудың) нәтижелі жүргізіле бастағанына назар аударады.

Энгельс сонымен қатар, Қазақ территориясының көршілес хандықтармен арасындағы оқиғаларды да назардан қалдырмайды, атап айтқанда ол 1853 жылы Ақмешіт қамалының алынуын Хиуа билігінің құлатылып, Түркістанның Ресейге қосылуын тездеткен оқиға болды деп бағалайды.

Осы «New York Daily» газетінде жариялаған «Ресейдің Қиыр Шығыстағы жетістіктері» және «Ресейдің Орта Азияда таралуы» мақалаларында Энгельс қазақ даласына қысқа мерзімде пошта жүйесінің келуін, әскери постардың орнатылуын Ресейдің шалғайда жатқан ауылдарына енгізген жаңалықтары дейді.

К. Маркс пен Ф. Энгельс орыс патшасының отарлық саясатын әшкерелегенмен, Ресей Шығыс халықтарын өркениеттендіру ісінде тарихи маңызды оқиға атқарып жатыр деп санайды. Олардың Ресейдің XIX ғасырда қазақ халқын дамытудағы «прогрессивті» деп атаған осы тектес рөлі анық танылғаны соншалық, мұның нәтижесінде енді Қазақстанға Европа ғалымдары мен жазушылары назар аудара бастады.

XIX ғасырда қазақ жерінде болған Европа ғалымдары мен жазушыларының қатары көптеп саналады. Олардың мұнда келу себептері әртүрлі болды, бірер айдаудағы мерзімін өтеуге келсе, енді біреуі саяхат үшін келді.

Орыс үкіметінің ресми рұқсатын алған белгілі неміс географ ғалымы, саяхатшы Александр фон Гумбольдт 1829 жылы Орал, Алтай өлкелері мен Каспий теңізіне сапар шегеді. Сапары барысында Омбы, Семей, Өскемен, Орынбор, Астрахань қалаларында болады. Алты айға созылған сапары барысында ғалым қазақ даласында топырақтың, руданың, климаттық ерекшеліктердің ғылыми сипаттамасын жасайды. Оның осы сапарының нәтижесінде жазған «Орта Азия, тау тізбектері мен салыстырмалы климатология бойынша зерттеулер» еңбегі жарияланған соң ол белгілі Азия зерттеушісі ретінде танылды.

Гумбольдт өзінің Азияға сапары барысында жергілікті халықтың тұрмысы, өмірі, салт-дәстүрімен жақын танысты; халық оған қонақжайлық көрсетті. Гумбольдтың сапары жайлы егжей-тегжейлі есеп дайындалды, оның мазмұнынан саяхатшылар үшін ұлттық ойындар көрсету үшін арнайы мереке өткізілгені көрінеді. Олар бәйге мен күресті тамашалаумен қатар, айтыс көріп, ұлттық әндер тыңдаған. Орыс генералы Канкринге жазған хатында ол бәйге мен



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **17. Европа ғалымдарының зерттеулеріндегі Басқа образы. Басқаның орнындағы қазақ халқы**

күрестен үлкен әсер алғанын жазады және өзінің өмірінде ешқашан алты ай ішінде осыншама жаңа, тың нәрсе бақылап, мол идеяны жинамағанын айтады.

XIX ғасырдың басында Париж академиясының профессоры Жарри де Манси белгілі граф Лас-Казастың «Тарихи, Генеологиялық, Хронологиялық және Географиялық Атласының» негізінде «Шығыс тілдері мен әдебиетінің жалпы бейнесіне» арналған зерттеуін жазады. Бұл еңбекте ол қазақтар туралы «Олар көне замандарда өте білімді болған. Олар он екі жануар атауынан тұратын циклді жасаған халық. Исламды қабылдағанға дейін олардың басқа ешкімге белгісіз жазуы болған. Олар кейіннен Обь пен Енисейдің арасында Оңтүстік Сібірде табылды. Қырғыз (қазақ) тілі түркі тілдерінің ішінде ең тазасы» дейді. Бұдан ғалымның Страленбергтің XVIII ғасырда Орхон-Енисей ескерткіштері туралы жазған еңбегімен таныс болғаны көрінеді.

Қазақстан жайлы жазған европалықтардың арасында польша революционерлері Густав Зелинский, Адольф Янушкевич, Бронеслав Залесскийді атауға болады.

1830–1831, 1848–1849 жылдары неміс самодержавиесінен қысым көрген, өз халықтарының неміс және австрия монархияларынан азаттық алуы үшін күрескен олар Сібір мен Қазақстанға айдауға жіберіледі. Алайда олардың жазбалары ұлт күрескерлерінің ұзақ айдауда да өз бойларындағы қайрат-жігерін жоғалтпай, демократиялық, гуманистік идеяларын сақтап қалғанын көрсетеді.

Қазақстанның XIX ғасырдағы тарихы үшін польша революционері және жазушысы Адольф Янушкевичтің қызметі мен жазбалары үлкен маңызға ие.

Янушкевич жиыны 25 жыл айдауда болған. Оның Ертістің бойынан Алатауға дейін сапары барысында жазған күнделіктері – қазақ халқы тарихының аз зерттелген кезеңінен мол мәлімет беретін құнды материал.

Янушкевичтің достары мен жақындарына жазған хаттарынан оның алыстағы европалықтар үшін қазақ халқы жайлы барынша шынайы, мол мәлімет беруді көздегені көрінеді.

Оның сипаттамаларының қатарында қазақ хандарының Ресейге қосылуға бағыт алғаны, Кенесары Қасымұлының оған қарсы көтерілісі, Құнанбай мен Барақ сұлтандар, халық санағы, жер мен мал, билер соты, ақындар айтысы, қазақ халқының бойындағы адамгершілік қасиеттер сияқты кең ауқымдағы хабарлар сақталған.

А. Янушкевич қазақ халқының даналығы мен дүниетанымының айнасы болып табылатын шешендік өнеріне қатты таңғалады. Ол бұл жөнінде «...Осының бәрін мен бүкіл дүниежүзі тағы, әрі жабайы санайтын, далада көшіп жүретін халықтың ортасында өз құлағыммен тыңдадым ғой! Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры естімеген шешендерге таңғалып, қол соқтым. Ал бүгін менің алдымда оқи да, жаза да білмейтін ақындар бар өнерлерін жайып салды. Олардың жыры жаныма жайлы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады, сонысымен өзімді тәнті етті. Сонда бұлар тағы, жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған, маңдайына түкке тұрғысыз малшы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады».

Ол енді бір хатында өзінің енді үстіне шапан киетінін, сондықтан қазаққа ұқсайтынын айтады. Бұл жерде тағы да оның европалық екені көрініп тұр. Голланд ғалымы Еп Лерссеннің пікірінше экзотикаға қызығу, басқа халықтың мәдениетіне деген жағымды қарым-қатынасқа қарамастан этноцентризмнің бір түрі болып табылады. Янушкевич жалпы алғанда «қырғыздарды» жағымды бағалағанмен де және өзін олармен салыстыра отырып әзілдегенмен де оларға европалықтың көзқарасымен қарайды. Оның мұндай әрекеттері Эдвард Саидтің еңбегін еске түсіреді. Ол былай деген болатын: «Ол европалық қой. Сондықтан Шығыс қоғамы жайлы мұндай білім тек европалыққа тән. Европалық адам Шығысқа Европаның иелігіндегі қоғам ретінде қарайды».

Дәл осы жерде шешендік өнерді Ресей шығыстанушысы, этнограф, археолог ғалым Петербург Ғылым Академиясының академигі Василий Радловтың да жоғары бағалағанын айта кету керек. «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты көптомдық еңбегінің мазмұнында: В.В. Радлов былай дейді: «Қазақ тілі – исламның бүлдіргіш әсеріне ұшырамай түпкі таза түрін – түркі сипатын сақтап қалған тіл. Рас, мұнда да бірен-саран жат сөздердің



енгені байқалады. Бірақ ол сөздер... қазақ тілінің үндестік заңына бағынып, бірыңғай халық тілінің қорына қосылған. Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ көп таралғандығы бұл тілдегі мұраларды менің көбірек жинап, оған әдебиет нұсқаларынан құрастырған жинақтардың толық бір томын арнауыма себеп болды. Оның үстіне қазақтың басқа бауырластарына қарағанда сөзге тапқырлығы мен шешендігі де маған әсер етті (Радлов, 1870:17).

Жаңа атап кеткен Кенсары Қасымұлының қазақ ұлтын отарлаудан азат ету жолындағы қозғалысы жайында 1876 жылы француздың белгілі жазушысы Жюль Верн «Михаил Строгов» романын жазған. Зерттеушілер Феофар хан есімімен Жюль Верн Кенесары хан бейнесін сомдады деп санайды. Кенесары Қасымұлының Ресей патшасына жазған хатынан оның бар мақсаты өз халқының азаттығы екені көрінеді: «Бүкілресейлік дара билеуші патша ағзамға. Бүтін қазақты билеген Абылай хан ұрпағы Кенесары Қасымұлынан. ...». Сіздің ата-бабаларыңыз патша болғанда, бізде менің атам Абылай хан болғанда ел тыныш өмір сүрді. Біздің елімізден ешкім алым-салық, жинамайтын. Кейінгі уақытта жөнсіз салық алына басталды. Баяғы бейбіт тоқтамды бұзып сіздің құзырыңыздағылар қазақты Ресейдің уысында деп ойлайды. Қазаққа қысымды тоқтатуды, бұрынғы тыныш өмірді қалпына келтіруді, сегіз дуанды (округты) даламызда салған қоныстарыңызды жоюды сұраймын» деген Кенесары Қасымұлы патшаға нақты талаптар қояды.

XIX ғасырда қазақ халқының мәдениеті мен тарихын орыс шығыстанушылары да, түркологтары да арнайы зерттеді. Олардың қатарында А.И. Левшинді атауға болады. Ғалымның ғылымда қолжеткізген ең үлкен табысы Қазақстанмен байланысты болды. Оның «Қырғыз-қазақ және қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» атты еңбегі Петербургте (1832) жарияланады. Үш томдықтың 1-томы қазақ далаларының физика-географиялық сипаттамасына, 2-томы қазақ халқының ерте кезеңдерден бастап XIX ғасырдың басына дейінгі тарихына арналады. 3-томда қазақтардың этнографиясы барынша толық сипатталады. Еңбек көптеген елдердің ғалымдары тарапынан жоғары бағаланып, әлемдік шығыстануда мойындалды. Бұл еңбек өз тұсында жазылған басқа еңбектерден қазақтар туралы мәліметтердің кеңдігі, тарихи-этнографиялық мәліметтерінің байлығы жағынан ерекшеленеді.

Мазмұнына қарайтын болсақ, А.И. Левшиннің қазақ халқының саяси тарихы, орыс-қазақ қарым-қатынасы туралы тұжырымдамасы дәл осы мәселеге қатысты қалыптасқан империялық көзқарастан асып кете алмады. Нәтижесінде бұл еңбекте Қазақстан тарихының маңызды қырлары шынайы және терең бағасын алған жоқ. Мысалы, Орынбор шекаралық билігі тарапынан қазақ халқына көрсетілген қысымдар мен зорлық-зомбылықтарға қарамастан, А.И. Левшин патша әкімшілігінің қазақ халқына жүргізген саясатын ақтап шығуға тырысты. Оның «қорғану сипатында» болғанын айтып, Ресейдің оңтүстік-шығыс бөліктерін «жауынгер номадтардың» шапқыншылығынан қорғану деп түсіндірді. Нәтижесінде, Сырым Датов басқарған халық көтерілісін қазақ старшиндерінің жеке бас мүддесіне қатысты деп түсіндіруге әрекеттенді.

А.И. Левшиннің аталған үш томдығы орыс шығыстанушысының қазақ тарихы мен этнографиясына қосқан салмақты үлесі болып табылады. Империялық саясат аясында жазылғандықтан идеология талабынан асып кете алмаса да А.И. Левшиннің еңбегі XVIII–XIX ғасырдың басындағы аймақтың саяси, әлеуметтік-экономикалық проблемалары, қазақ қоғамындағы этникалық процестер және т.б. мәселелерді зерттеуде маңызды дерек бере алады. Тарихшылар зерттеушінің бұл еңбегіне сүйене отырып, жаңа фактілер, идеялар табады.

Қазақстан мен қазақ халқының тарихын шығыс дереккөздері ретінде зерттеген ғалымдардың қатарында орыс зерттеушілері шығыстанушы В.В. Григорьевті (1816–1881), В.В. Вельяминов-Зерновты (1830–1904) ерекше атауға болады.

Ал Ресейлік түркология саласындағы іргелі зерттеулер академик В.В. Бартольд (1869–1930) есімімен тығыз байланысты.

Академик В.В. Бартольд Шығыс халықтарының мәдени жетістіктерін жоғары бағалап, олардың ежелгі және орта ғасырлық Европа мәдениетіне ықпалын мойындады, мұны бейбіт кезең тарихы, көркемөнер, архитектура, мәдени оқиғалар т.б. негізінде көрсетуге тырысты.

Жарық көріп үлгермеген бір сын мақаласында Бартольд Орта Азия тұрғындарының тарихы мен тұрмысын зерттеуде мынаған көңіл бөлу керектігін айтады: «Халықтың мінезі саяси және



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **17. Еуропа ғалымдарының зерттеулеріндегі Басқа образы. Басқаның орнындағы қазақ халқы**

тұрмыстық жағдайлардың әсерінен қалыптасады, әлбетте, бұл екеуінің әсері халықтардың барлық табына бірдей дәрежеде әсер етпейді».

Қазақ халқы жайлы түрлі еңбек жазып қалдырған авторлардың есімі мен еңбектерін бір ғана дәрістің аясында қарастыру қиын, олардың әрқайсысына жеке көңіл бөліп, арнайы талдау керек.

Ал жалпы алғанда орыс ғалымдары Орта Азия, Қазақстан бойынша зерттеулерін Ресей империясының мүддесі үшін жүргізгендіктен оларды да мәдени гегемондықтың объектісі ретінде қарастыру қажет. Ол біздің жас шығыстанушыларымыз бен тарихшыларымыздың абыройлы міндеті.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. К. Маркс пен Ф. Энгельс Орта Азия мен Қазақстан территориясына не үшін және қалай назар аударған?

2. Қазақ халқы жайлы қандай Батыс авторлары жазды?

3. Батыс авторлары қазақ халқы жайлы қандай мақсатпен және қалай жазды?

4. Академик В.В. Бартольдтың еңбектері қандай салада жазылған?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. А. Янушкевичтің қазақтар жайлы не жазғанымен танысыңыз.

2. А. Левшиннің қазақ халқы жайлы еңбектерінің ерекшелігін баяндаңыз.

3. Жюль Верннің Кенесары Қасымұлы (образы) жайлы «Михаил Строгов» немесе «Гонец царя» романынымен танысыңыз.

Ұсынылатын ресурстар

1. <http://bibliotekar.kz>.

2. <http://adebiportal.kz/ru/books/view/136>.

3. <https://mybook.ru/author/zhyul-vern/mihail-strogov/>.